

ұзындығы 2 шақырым, ені 300 метр. Қорым ортасында шикі кесектен төрт бұрышты болып қаланған Әбілқайыр бейіті бар.

Қорыта келгенде, қазақ даласының гидронимдері өзен-су атауларының географиялық ерекшеліктері, түр-түсіне, тұрмыс-тіршілікке қажеттілігі, мезгілдік белгілері, су арнасының ерекшеліктеріне байланысты атауларға ие болған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Добросмыслов А.И. Тургайская область (Исторический очерк). // Известия Оренбургского отдела Императорского русского географического общества, Выпуск №17. Тверь, 1902
2. Нұрманов А. Құланның ажалы: Роман.-Алматы: Раритет, 2005.-224
3. Сариева Ы. «Текті Торғай», Алматы, 2000 ж.
4. Ж.Қосабаев «Торғай - дуан», Алматы, 1995 ж.
5. Әсет Ламашев «Ы.Алтынсарин», Алматы, 1995 ж.
6. «Жер -судың аты-тарихтың хаты» // Торғай таңы 1992 жыл 13 тамыз
7. «Тарихи атауларға - оң көзқарас керек» // Торғай таңы 1994 жыл 12 қараша
8. С.Кенжеахметов «Ежелгі Торғай тарихынан деректер» // Торғай таңы 1991. 9 қаңтар
9. Каймулдинова К.Д. «Топонимика», Алматы, 2011ж.
10. Қ.Нұрғазин «Өлкейік» // Торғай таңы 1971 жыл 2 желтоқсан

### **САРЫСУДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ**

**Абир Сымбат**, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті  
Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор **А. Күзембайұлы**

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақ тарихындағы ең аз зерттелген тақырыптардың бірі ХХ ғасырдың бірінші жартысы, нақтырақ айтсақ, 1920 - 1930 жылдардағы қазақ жеріндегі аштық пен ұлт-азаттық көтеріліс тарихы болып табылады.

1929 – 1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері 1930 жылдардан 1980 - жылдар аралығында тыйым салынған тақырып болды. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселесінің түрлі аспектілерін қарастырғанда тарихшылар осы қауіпті тақырыпты айналып өтуге тырысты. Бұл отандық тарихнамаға сол кезеңде қойылған партиялық қатаң талаптар мен идеологиялық қысымнан болды. Кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектерде партия саясатына қарсы шаруалар көтерілістері тек тап күресі шеңберінде ғана қарастырылды. Сонымен қатар олар «бандиттік», «антикеңестік», «контрреволюциялық» қозғалыстар ретінде баға берілді.

Біз қарастыратын «Сарысу» және «Созақ» көтерілістері тек тарих ғылымдарының докторлары, профессор Талас Омарбеков пен Аманжол Күзембайұлының және Сарысу ауданының тумасы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Пернебай Дүйсенбиннің зерттеулерінде ғана бар.

Қазақстанның әр түкпірінде шаруалар наразылықтары болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Біз 1920-1930 жылдардағы көтерілістерді ашу үшін жеке-жеке зерттеп, кейін біріктіріп, тұтас мәселе түрінде қарастыруымыз керек.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Күзембайұлы өзінің 10 рет басылым көрген оқулығында: «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тарихы қайғы мен қасіретке толы болды»-деп жазады [2]. Осы жылдары большевиктердің екіжүзді саясаты қазақ халқын тарихта болмаған қырғынға ұшыратты. Зорлықпен ұжымдастыру саясаты қазақ шаруаларының қарсылығына кездесті. Өкініштісі, осыған дейін Қазақстан тарихының кеңес заманындағы тарихы әлі де объективті бағасын ала алмай жүр. ХХ ғасырдың 30

жылдарындағы қанды оқиғалардың шындығын жазған ғалымдар жоқтың қасы деуге де болады...

1928 жылы Қазақстанда өткізілген ірі байларды тәркілеу науқанының көшпелі халыққа тигізген зардабы шексіз ауыр болды. Бұдан өзге 1932-1933 жылдары ғасырлар бойы көшпелі тірлікпен күн кешіп, еркін шаруашылықпен, мал өсірумен айналысқан халықты күштеп ұжымдастыру салдарынан болған нәубет Сарысу халқын аяусыз қырғынға ұшыратты. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Сарысу өзенінің бойынан 6000-дай шаңырақ үдере көшіп, Қаратау бойына шұбырды.

Голощекиннің солақай саясаты салдарынан бір ғана Сарысу ауданында сол алты мың шаңырақтан екі - ақ мыңдайы арып- ашып Қаратау алқабына тұяқ іліктірді.

Арқадан арып-ашып жеткен адамдар Қаратау бойындағы шұрайлы жерлерден өзендер мен көлдердің бойынан қоныс тепті. Бұл жақтағы байырғы ел - жұрт та солақай саясаттың зәбірін тартқан екен. Сан түрлі салықтар бұл жақтағы ағайындарға да оңай тимеген. Десек те, отырықшылық дәстүрден қол үзбей, диканшылық кәсіпті серік еткен қаратаулықтар ұзақ көштен шаршап- шалдыққан, әбден әлсіреген ағайындарға қолдан келген қамқорлықтарын аяған жоқ.

Сол кездегі Қазақстан үкіметінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Ораз Жандосов, Жанайдар Сәдуақасовтар нәубетке ұшыраған сарысулықтардың алдынан шығып, халықтың аман қалған бөлігінің осы өңірге аман-есен жетуіне көп күш салды. Әсіресе Ораз Жандосовтың сіңірген еңбегі зор болды. Кейіннен Қаратау алабынан қоныс тепкен халықтың басым көпшілігінің ұсыныс-талаптарын зор түсіністікпен қабылдап, ауданның тарихи «Сарысу» атының сақталып қалуына қамқор болды [8, 7 б.].

1929 жылдың алғашқы айы қаңтар қақап тұрды. Бәрінен бұрын ештемемен санаспайтын желөкпе белсенділердің ызғары шаруалардың арқасына аяздай батты. Салықтың түрі көбейді. Ет салығы, жүн салығы, сүйек салығы, құрым кигіз салығы, түтін салығы дегендер шықты да, оны ауданда отырғандар әр ауылдың мүмкіндігіне қарай емес, үй санына қарай бөле салды. Ауылдың доғал басшыларына: «Осы салықты қалай да орындайсындар. Орындамасандар жауапқа тартыласындар сотталасындар», - деп айбар шекті. Осыдан қорыққан ауыл белсенділері өзінің туыстары мен ағайындарына қысым жасады. Алдымен азын- аулақ дәулеті бар орта шаруалар таяқ жеді. Қолдағы малының біразын етке өткізді. Қыстың көзі қырауда жүн салығы мен сүйек салығы қиындық тудырды [9, 47 б.].

Жағдай 1930 жылы да осылай өрши берді. Халықтың жағдайы күннен күнге нашарлады. Елдің қолындағы мал азайды. Малға сүйенген көшпенді елдің хал- ауқаты төмендей бастады. Халықтың нарзылығы күн санап өрши берді. Сөйтіп, халық әрі - сәрі күй кешіп жүргенде ақпан айының қақаған суығында Созақ көтерілісі болды [6, 47 б.].

Голощекиннің Қазақстанда орнатқан мейірімсіз тәсілдерді қолдана отырып қолданған қатаң, зорлықшыл тәртібі қазақ халқы үшін өте ауыр болды. 1929 жылдың өзінде Қазақстанда 30-дан астам халық наразылығы, толқулары, бой көтерулері болды. Әсіресе Сырдария округындағы Бостандықты, Қостанай округындағы Батпаққарада, сол кезде Қазақстан құрамында болған Қарақалпақстанның Тақтакөпірінде болған бойкөтерулер ерекше тегеурінді болды. Ал енді осы науқанның зорлықпен жүргізілуі, байларға шаруаларды қосып тәркілеу, шектен тыс салықтардың көбеюі, колхоздарға зорлап кіргізу тәсілдерінің белең алуы, талай жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлерін, халықтың наным-сенімдерін таптау, қорлау секілді сорақылықтар халықтың зығырданын қайнатты. Салықтың жоғарыда айтып өткенімдей санаға сыймайтын небір сорақы түрлері - қыс ішінде жүн жинату, ит терісін жинату, мақта даярлау, т.б. түрлері онсыз да жүдеп отырған халықтың арқасына аяздай батты. Қақаған қыста қойларын қырқып, түйелерін күзеп, көрпелерін сөгіп, салықтан құтыламыз деп жанталасқан халықтың тағдыры тым аянышты болды. Әсіресе бұл жағдай Сарысу ауданымен көршілес, іргелес жатқан Созақ ауданында тіптен асқынып кеткен, шегіне жеткен еді. Сол кездерде жер кепелерде қамалған адамдардың арасында бала-шаға да, өлмелі кемпір-шалдар да болады. Әрі қапас, әрі сыз, әрі аш адамдардың арасынан

қаза болғандар да болады. Осындай жағдайдың өзінде де аудан басшылары халық үніне құлақ аспай қасарысып, елді милициялармен қорқытып, қатыгездік танытады. Содан ашу мен ыза бұған халық ақпанның басында Сарышағыл маңындағы қыстауда бас қосып, ел үлкендері батыл қимылға көшуді қолдайды. Орталарынан ел арасында беделі бар, жас шамасы елудің бел ортасынан асқан азамат Сұлтанбек Шолақұлын хан сайлайды. Сөйтіп, 1930 жылдың 7 ақпанында ашынған халық Тама руының көрнекті азаматы Сұлтанбек Шолақұлы бастаған шаруалар көтерілісі бұрқ ете қалды. Сөйтіп, халыққа аяусыз зәбір көрсеткен партия кеңес қызметкерлерінің шолақ белсенділері өлтірілді. Алдында түрлі жалаулармен Созақ маңындағы Үскі деген жерге айналасын терең ор қылып қазып жасаған лагерьде қамалған адамдарды босатады. Ол адамдардың кінәлары сол- бұрынғы кәмпескеге ұшыраған байлардың туыстары, «Жеке отыр» деп ат қойып, айдар таққан орта шаруалар «байдың құйыршықтары» атанған жандар еді. Басшылықтың қатігездігі сонша, сол қамалғандарға анда- санда ас-су беріп тұрайық деген ағайын, туыстарының талап-тілектерінің бірін де орындамайды [3, 146 б.].

Созаққа шабуыл таңғы сағат 4 - те басталып, кеңес үйі талқандалады. Іс-қағаздары мен ақшалары өртеледі. Осы көтеріліс күндері ауданның бірінші басшылары бар 18 адам өлтіріледі. Олардың ішінде жоғарыдан шаруашылық жұмыстарына көмекке жіберілген 9 орыс бар болатын [5,146 б.].

Сұлтанбек өзінің сенімді жігіті Мұқыш арқылы Сарысудағы Смаил деген адамға хат жолдап көршілес Сарысу ауданындағы осы батыл тірлікке іштартып, қолдайтын азаматтарды хабарландыруға жібереді.

Міне, осы көтеріліс шарпыны іргелес жатқан Сарысу ауданына да жетті. Ол кезде ауданның қысқы орталығы Шу өзенінің Солтүстік бетіне орналасқан Кентаралда болатын.

Созақтағы дүрбелеңнен қатты сесекенген үкімет Сырдария ОГПУ-ының бастығы Журавлевке қатаң тапсырма берді. Түркістаннан, Қызылордадан, Шымкенттен, тіпті Алматыдан мұздай қаруланған отрядтар Созақ, Шолаққорғанға қарай шықты. Шаян, Сарысу, Талас аудандарында 30 адамнан тұратын қарулы жасақ ұйымдастырылды. Олардың мақсаты Созаққа көтерілісшілерге қосылуға ниет еткендердің алдына тосқауыл қою еді.

Сонда да болса Сұлтанбек Шолақов өзінің ықпалды серіктерінің бірі Мұқышты Сарысуға жіберіп, ондағы қалың наразы топты көтеріліске шығуға үндеді. Бұл кезде Сарысу аймағында да біршама мазасыз жағдай қалыптасқан еді.

Зерттеушілердің болжамынша, Сарысудағы толқу 11 ақпанда басталған. Бұл арада Сұлтанбек Шолақовтың өкілі Мұқыштың үгіті біршама ықпал еткендігі сөзсіз [8, 36 б.].

Созақ көтерілісшілері қамақтан босатқан адамдардың ішінде Сарысу ауданынан екі адам болған. Оның біреуі ауыл-аймаққа танымал орта шаруадан жоғары Жантөре Иманұлы елге оралып келе жатып, жол бойы Созақта болған қанды оқиғаны баяндайды. Мұқыштан соң іле-шала жеткен елге сыйлы Жантөренің деректі ақпарат хабары әрі-сәрі күйде отырған елге тез ықпал етеді. Елдің баскөтерерлері тәуекел іске бел шешіп кірісуге бәтуаласып өз орталарынан шыққан, ел арасында «Бақақожа»атанып кеткен Райымбек дегеннің 29 жастағы жалғыз ұлы Серікті хан етіп сайлап, жаңа үкіметке қарсы көтерілуге бел буады.

Созақтағы жағдайдан кейін жаңа үкімет те қарап жатпай, қарсы, жедел әрекетке көшті. Жергілікті аймақта құрылған коммунистік отрядтан тыс Сарысу ауданына 50 атты әскерді жіберді.

Сөйтіп, көтерілісшілер саны алғашқы күні елудей адам болады. Көтерілісшілер ел аралап жүрген өлкеден келген өкіл Бабаев Айтуарды, аудандық сот Мұсаев Құсбекті аяусыз ұрып соғады. Өлтіруге бет алған уақытта Таманың Жабал руынан шыққан белсенді, өткір әйел Бөлегенқызы Әдиша көтерілісшілерден арашалап, аман алып қалады. Аудандық комсомол комитетінің хатшысы Үсенбаев Хамзаны ауру күйінде далаға сүйреп шығып пышақтап өлтірмек болғанда, көтерілісшілердің ішіндегі біреуі араша тілеп, әкесінің елге сыйлы қажы болғандығын алға тартып, арашалайды [8, 37 б.].

Көтерілісшілер бүкіл кеңселердің астаң- кестеңін шығарады, мектеп- интернат үйін өртейді. Бірақ көтерілгелі жатқан хабарды естіген жаңа өкімет өкілдерінің басым көпшілігі

қашып, тығылып үлгерген болатын. Жалпы Сарысудағы көтерілісшілер саны 500-ге жуықтаған. Бірақ, Мұқатай Егінбаев бастаған қарулы отрядтың қаһарынан қорыққан көтерілісшілер алғашқы қақтығыста-ақ тоз-тозы шығып, тез басылды. Алғашқы болған жеңіл қақтығыста Сарысу ОГПУ-ының өкілі Тыныштықбаев оққа ұшады.

Жазалаушы отряд шұғыл түрде көтеріліс белсенділерін іздеп, 100-ден аса адамды қамауға алды. Хан болып сайланған Серік Райымбекұлы ұрыс даласын тастап қашып шығады. Сәл кейініректеу Серік Райымбекұлы қолға түседі. Сарысу көтерілісін ұйымдастырушы Жантірішманов пен Сараевты отряд командирі Кальментьев қашып кетпек болған әрекеті үшін деген сылтаумен алғашқы сәтте-ақ атып тастайды [9, 48 б.].

Сарысу ауданындағы қозғалыстың басшысы Серік Райымбекұлы жайлы тоқталайық. Сарысу ауданындағы қозғалысты халық «Бақақожа» деп атап кеткен Райымбек қожаның жалғыз баласы 29 жасар Серік басқарды. 1901 жылы туылған. Тегі Қожа болып келеді. Серіктің әкесі Райымбек орта дәулетті адам болған. Көзбен көрген адамдардың айтуынша, Серік көркем келбетті, ескіше, жаңаша сауатты адам болған. Ол жаңа мектепте бала оқытқан [8, 37 б.].

Серік Райымбекұлын қолға түсіріп, оны азаптап өлтіреді. Ол кісі жайлы оқиғаны көзімен көрген Жабал тама Кемал Ноғайұлының (1904 жылы туылған) айтуынша Серік Райымбекұлы олармен бірге Арқаға көшпекші болғанда, Серіктің Дуанбек атты досы оған келіп «саған ешкім тимейді, елге барайық» - деп азғырады. Қасындағы адамдар қанша қарсы болғанымен Серік өз досына сенетінін айтып, Дуанбекпен еріп кетеді. Серікті осылайша солдаттарға тапсырады. Олар Серікті «Сасық Шиелі» деген жердің қасындағы «Қыздың моласы» белгісіне әкеп, қоршай тұрып, мазақ етіп, найза сұғып, Серікті қансыратып өлтіреді. Оның денесін молалардың арасына тастап, жанындағы молалардың кесегімен көмеді [8, 37 б.].

Міне, Сарысу көтерілісінің басшысы Серік Райымбекұлының тағдыры осындай аянышты халде аяқталған.

«Теріскей өңірінде» болған осы оқиға нәтижесінде қаншама адам солдаттардың оғынан қаза тапса, қаншамасы «шолақ белсенділердің» азабының құрбаны болады. Көптеген адам түрмеде, лагерьде өлді. Асыраушыларынан айырылып, аштан өлгені қаншама. Шығынға ұшырағандардың саны күні бүгінге дейін белгісіз болып қалуда. Қуғын-сүргінге ұшырағандар бас сауғалап, тарыдай шашылғаны қаншама еді [8, 37 б.].

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Абир С.М. Қазақстан - менің Отаным: «Рухани жаңғыру» Президенттік бағдарламасын жүзеге асыруға арналған III Респ. студ. ғыл.- тәжір. конф. материалдары. Қазақстан мое Отчество: материалы III Респ. Студ. науч.- практ. конф., посвящ. Реализации Президентской программы «Рухани жаңғыру».- Қарағанды: ҚарМУ баспасы, Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. 322 б. Қазақша,орысша.
2. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана: Учебник для вузов.7-еизд. Перераб.и доп.-СПб.: Соларт,2004.-302 с.
3. Омарбеков Т. «Зобалаң» - Алматы: «Санат» 1994. - 272 б.;
4. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана в 1917-1991год. Учебное пособие. - Костанай. Общественный фонд «Тарихшы». 1998. - 64 с.
5. Омарбеков Т. «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» - Алматы: 1997. - 315 б.
6. Тойбаева Ж.Н. «Қазақ көтерілістері» - Алматы: 2015. - 616 б.
7. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Егемен Қазақстан» №74. 2017. - 24 б.
8. Дүйсенбин П. «Сарысунама» - Алматы: «Литера-М» 2008. - 543 б.
9. Дүйсенбин П., Айдапкелов С. «Шежірелі Сарысу» - Тараз: «Сенім» 2003. - 592 б.
10. Тойбаева Ж.Н. Қазақ көтерілістері, Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015.- 616 бет.
11. Тайжан Б. Созақтағы боздақтар. // Егемен Қазақстан.- 2005.- 15 ақпан.- 8 б.